



Г. Даулетова
21.11.2025 ж.

Жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы
Қазақстан Республикасының стандартты (классикалық),
жылдам (рапид) және найзағай жылдам (блиц) шахматтары бойынша
2026 жылғы 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 жас санаттарындағы чемпионат
РЕГЛАМЕНТІ

1. Мақсаттар мен міндеттер

- 1.1. 2026 жылғы 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 жас санаттарындағы стандартты (классикалық), жылдам (рапид) және найзағай жылдам (блиц) шахматтары бойынша Қазақстан Республикасы чемпиондарын анықтау.
- 1.2. 2026 жылы 8, 10, 12, 14, 16, 18 жас санаттарындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы классикалық шахмат бойынша әлем және Азия чемпионаттарына қатысатын Қазақстан Республикасының ресми ойыншыларын анықтау.
- 1.3. Қазақстан Республикасында шахматты танымал ету.
- 1.4. Салауатты өмір салтын насихаттау.

2. Өткізу мерзімі мен орны

- 2.1. Жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы ҚР чемпионаты (бұдан әрі – Чемпионат) Түркістан қ. 2026 жылдың 19 қаңтары (келу күні) мен 31 қаңтары (кету күні) аралығында өткізіледі.
- 2.2. Мекенжай: Түркістан қ., Жаңа Қала ш.а., 40 көше, 1 ғимарат, «**Olympic center**».

3. Жарысты ұйымдастыруға басшылық ету

- 3.1. Жарысты өткізуге жауапкершілік Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне, «Қазақстан шахмат федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігіне (бұдан әрі – ҚШФ) және Төрешілердің біліктілік комиссиясы (бұдан әрі – ТБК) тағайындаған төрешілер алқасына жүктеледі.
- 3.2. Қазақстан шахмат федерациясы Федерация қызметкерлерінің арасынан Ұйымдастыру комитетін (бұдан әрі – ҰК) тағайындайды. ҰК турнирді дайындау мен өткізуді жалпы үйлестіруді жүзеге асырады, регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді, төрешілер алқасының жұмысын үйлестіреді, қатысушылармен өзара әрекеттесуді ұйымдастырады және жарыс барысында туындайтын ұйымдастырушылық мәселелерді шешеді.
- 3.3. Жарыстың бас төрешісі – ТБК шешімі бойынша.

4. Жарысқа қатысушылар

- 4.1. Жарысқа ҚШФ-ға тиісті түрде тіркелген, Қазақстан Республикасының азаматтығы бар және Халықаралық шахмат федерациясында (ФИДЕ) ҚШФ атынан тіркелген спортшылар (бұдан

- әрі – Қатысушылар) төмендегі жас санаттарында жіберіледі:
- 6 жасқа дейін – 2020 жылы және кейін туғандар;
 - 8 жасқа дейін – 2018 жылы және кейін туғандар;
 - 10 жасқа дейін – 2016 жылы және кейін туғандар;
 - 12 жасқа дейін – 2014 жылы және кейін туғандар;
 - 14 жасқа дейін – 2012 жылы және кейін туғандар;
 - 16 жасқа дейін – 2010 жылы және кейін туғандар;
 - 18 жасқа дейін – 2008 жылы және кейін туғандар.
- 4.2. Қыздар (қыз балалар) мен ұлдар (ер балалар) бөлек ойнайды. Қыздардың ұлдар турниріне қатысуына болады, бірақ ұлдар қыздардың турниріне қатыса алмайды. Шахматшының (шахматшы қыздың) үлкен жас санатына қатысуына рұқсат беріледі. Үлкен жас санатында жүлделі орын алған жағдайда спортшы әлем немесе Азия чемпионатында Қазақстан Республикасын тек осы жас санатында ғана ресми ойыншы ретінде таныстыра алады.
- 4.3. Әр облыс аккредиттелген облыстық федерациялар немесе «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ облыстық филиалы өткізген ресми іріктеу турнирлерінде 1-3-орын алған үш ресми Қатысушыны әр жас санаты бойынша тіркей алады.
- 4.4. Республикалық маңызы бар қалалар (Астана, Алматы, Шымкент) аккредиттелген қалалық федерациялар / ҚШФ қалалық филиалы өткізген ресми іріктеу турнирлерінде 1-6-орын алған алты ресми Қатысушыны әр жас санаты бойынша тіркей алады.
- 4.5. Чемпионаттың **ресми Қатысушылары** болып 1–3-орын алған облыстық іріктеу турнирлерінің жеңімпаздары (17 облыс) және 1–6-орын алған қалалық іріктеу турнирлерінің жеңімпаздары (Астана, Алматы, Шымкент) саналады. Қалған барлық шахматшылар, ресми қатысушылар чемпионатқа келмеген жағдайда да, қосымша Қатысушылар болып есептеледі.
- 4.6. Чемпионаттың **қосымша Қатысушылары** 4–15-орын алған шахматшылар (17 облыс) және 7–20-орын алған шахматшылар (Астана, Алматы, Шымкент) болып табылады. Олар аккредиттелген облыстық/қалалық федерациялар немесе ҚШФ облыстық/қалалық филиалы өткізген ресми іріктеу турнирлерінің нәтижесінде анықталады.
- 4.7. Құрметті себептермен (ауру, шахматшының ФИДЕ-нің ресми халықаралық турнирлеріне қатысуы) қала/облыс чемпионатын (іріктеу турнирін) жіберіп алған қосымша Қатысушыларды құжатпен дәлелденген жағдайда Чемпионатқа жіберуге болады. Бұл үшін 10 жасқа дейін және одан жоғары жас санаттарында — 1-ші разряд және одан жоғары, ал 6 және 8 жас санаттарында — 3-ші разряд болуы қажет. Бұл өтінімдер облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың аға жаттықтырушыларының қолқаты негізінде ғана қаралады. Өтінімдер 2025 ж. 3 желтоқсаннан 15 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) мына сілтеме арқылы қабылданады: <http://balachamp2025.kazchess.kz>. Көрсетілген талаптарды орындау Чемпионатқа қабылдануына кепілдік бермейді, соңғы шешім ҚШФ құзырында қалады.
- 4.8. Чемпионатқа **қатысуға** 2025 жылғы Қазақстан Республикасы, әлем, мектеп оқушылары арасындағы әлем, Азия, мектеп оқушылары арасындағы Азия, Батыс Азия чемпионаттарының жүлдегерлері **жеке құқыққа** ие. Сонымен қатар, 2025 жылғы Жас таланттарды қолдау бағдарламасының қатысушылары және ҚР Балалар кубогы 2025 жылғы финалистері де жеке құқыққа ие. Жеке құқық ресми немесе қосымша Қатысушы мәртебесіне тәуелді емес. Жеке құқыққа ие Қатысушылар турнир жарнасын төлеуден босатылады.
- 4.9. Қазақстан шахмат федерациясы маңызды себептер болған жағдайда ҚШФ Тренерлік кеңесінің шешімімен қосымша қатысушыларды Чемпионатқа жіберу құқығын өзінде қалдырады. Турнир жарнасынан босату мәселесі Ұйымкомитетпен қаралып, бекітіледі.

5. Тіркеу, турнир жарнасы

- 5.1. Барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың аға жаттықтырушылары іріктеу турнирлерінің қол қойылған хаттамаларын **01.12.2025** дейін келесі электрондық мекенжайға жібереді: tournaments@kazchess.kz
- 5.2. Қатысушылар тіркеуді өздігінен келесі сілтеме арқылы өтетін нысанды толтыру арқылы жүзеге асырады: <https://balachamp2025.kazchess.kz>. Тіркеу **03.12.2025** басталып, **15.12.2025 (қоса алғанда)** аяқталуы тиіс. 4.5., 4.6., 4.8. тармақтарында көрсетілген критерийлерге сай Қатысушылар ғана тіркеуге жіберіледі.

- 5.3. Егер облыстық/қалалық іріктеу чемпионатында «6 жасқа дейін» санаты болмаған жағдайда, Ұйымкомитет аға жаттықтырушының өтініші негізінде осы жас санатында бір облыс/қаладан алтыдан артық емес спортшыны Қатысушы ретінде қосуға құқылы (U6/3, G6/3).
- 5.4. Іріктеу чемпионаттары кейінгі мерзімдерге жоспарланған облыстар/республикалық маңызы бар қалалар өтінімдерді 15.12.2025 кейін, бірақ 24.12.2025 жылдан кешіктірмей тапсыра алады. Бұл ретте аға жаттықтырушы өтінім беру мерзімдері туралы Ұйымкомитетті алдын ала хабардар етуге міндетті.
- 5.5. Ресми Қатысушылар және жеке қатысу құқығы бар Қатысушылар жарнасыз қабылданады. Қосымша Қатысушылар үшін жарна сомасы 35 000 теңге. Төлем сілтемесі 5.2. тармақта көрсетілген тіркеу нысанында қолжетімді. Белгіленген мерзімнен кейін тіркелген барлық Қатысушылардан — ресми, қосымша немесе жеке қатысу құқығы бар болсын — кеш тіркеу жарнасы ретінде 52 500 теңге алынады. **Жарналар қайтарылмайды.**
- 5.6. Ұйымкомитет барлық берілген өтінімдердің белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексеріп, оларды бекітеді. Қатысушылардың толық тізімі жасалғаннан кейін Ұйымкомитет тиісті облыс немесе республикалық маңызы бар қаланың аға жаттықтырушысына бекітілген тізімді жолдайды. Аға жаттықтырушы келесі талаптарды қамтамасыз етуі тиіс:
- а) өтінімге жергілікті мемлекеттік спорт органының мөріні қойдыру;
 - б) өтінімге тиісті дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің мөріні қойдыру;
 - с) толық ресімделген және расталған өтінімдерді 06.01.2026 жылға дейін Ұйымкомитеттің электрондық поштасына tournaments@kazchess.kz жіберіуі тиіс. **Түпнұсқалар ұйымдастыру комитетіне 2026 жылдың 20 қаңтарына дейін тапсырылуы тиіс.**
- 5.7. Тіркеуден өткен кезде 2025 жылға өзекті, жоғары сападағы JPG форматындағы 3x4 өлшеміндегі фотосуретті жүктеу қажет.
- 5.8. **Қатысушылар орындарының шектеулі болуына байланысты Ұйымкомитет тіркеуді жарияланған мерзімнен бұрын жабу құқығын өзінде қалдырады.**
- 5.9. **Қатысушылардың бастапқы тізімін қалыптастыру жөніндегі соңғы шешімді Қазақстан шахмат федерациясы қабылдайды.**

6. Жеңімпаздарды анықтау, бағдарлама

- 6.1. Жарыстар швейцар жүйесі бойынша 9 турда өткізіледі. Қатысушылар саны швейцар жүйесінде турнир өткізуге жеткіліксіз болған жағдайда айналмалы жүйе қолданылады. Жылдам және найзағай шахматтары бойынша жарыстардың өткізілу форматы Қатысушылар санына қарай төрешілер алқасымен анықталады.
- 6.2. Уақыт бақылауы:
- «классика» – әр Қатысушыға партия соңына дейін 90 минут + бірінші жүрістен бастап жасалған әр жүріске 30 секунд;
 - «рапид» – әр Қатысушыға партия соңына дейін 15 минут + бірінші жүрістен бастап жасалған әр жүріске 10 секунд;
 - «блиц» – әр Қатысушыға партия соңына дейін 3 минут + бірінші жүрістен бастап жасалған әр жүріске 2 секунд.
- 6.3. Классикалық шахматта турға кешігуге рұқсат етілетін уақыт – 30 минут, рапид және блицте – уақыт бітетін сәтке дейін.
- 6.4. Жеңімпаздар барлық партияларда жинаған ең көп ұпай саны бойынша анықталады.
- 6.4.1. Екі немесе одан да көп Қатысушылардың ұпай саны тең болған жағдайда жүлделі орындар төмендегі көрсеткіштер бойынша (кему ретімен) анықталады:
- қысқартылған Бухгольц коэффициенті (ең нашар нәтиже есепке алынбайды);
 - Бухгольц коэффициенті;
 - жеке кездесу;
 - жеңістердің көп саны;
 - қара фигурамен ойнаған партиялардың көп саны.
- 6.4.2. Барлық қосымша көрсеткіштер тең болған жағдайда қосымша матч/жарыс өткізіледі, оның формуласы төрешілер алқасымен анықталады.
- 6.5. **Апелляция:**
- даулы мәселелерді шешу үшін техникалық кеңесте Апелляциялық комитет (АК) сайланады

- (тағайындалады), құрамында: төраға, АК-ның екі негізгі мүшесі + 2 қосалқы мүше;
- ойыншы төрешілер алқасының кез келген шешіміне апелляция бере алады, оны тур аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде бас төреші арқылы жазбаша түрде тапсырып, 90 000 (тоқсан мың) теңге көлемінде ақшалай кепіл жарнасын енгізуі тиіс;
 - рапид және блиц турнирлеріндегі апелляция тур аяқталғаннан кейін 15 минуттан кеш емес, келесі тур басталғанға дейін бас төрешіге жазбаша түрде беріледі;
 - АК шешімі түпкілікті болып табылады;
 - апелляция қанағаттандырылған жағдайда ақшалай кепіл толық көлемде қайтарылады;
 - егер АК апелляцияны қанағаттандырмаса, кепіл жарна қайтарылмайды.

7. Расписание Кесте

Күні	Уақыты	Шара
19.01.2026	12.00 – 19:00	Қатысушыларды аккредиттеу / бейждерді беру * 19:00-ге дейін аккредиттеуден өтпеген және кеш келуіне байланысты аккредиттеуден уақытында өте алмайтынын Ұйымкомитетке алдын ала хабарламаған Қатысушылар бірінші турдың жеребесіне енгізілмейді. Уақтылы аккредиттеуден өте алмау туралы хабарламалар 15 қаңтар 12:00-ден 16 қаңтар 12:00-ге дейін келесі сілтеме арқылы қабылданады: https://balachamp2025.kazchess.kz
	20:00	Техникалық жиналыс
20.01.2026	10:00	Чемпионатты ашу салтанаты
30.01.2026	18:00	Чемпионатты жабу салтанаты
31.01.2026	12:00	Кету күні

Стандарт (классика) шахмат бойынша Турнир

Күні	Уақыты	Шара
20.01.2026	Ашылғаннан кейін бірден	1-ші тур
21.01.2026	10:00	2-ші тур
	15:00	3-ші тур
22.01.2026	11:00	4-ші тур
23.01.2026	11:00	5-ші тур
24.01.2026	11:00	6-ші тур
25.01.2026	11:00	7-ші тур
26.01.2026	11:00	8-ші тур
27.01.2026	11:00	9-ші тур

Жылдам (рапид) шахмат бойынша Турнир

Күні	Уақыты	Шара
28.01.2026	11:00	1-4 турлар

29.01.2026	11:00	5-9 турлар
------------	-------	------------

Найзағаз жылдам (блиц) Турнир

Күні	Уақыты	Шара
30.01.2026	10:00	1-9 туры

- 7.1. Ұйымкомитет турлар кестесіне өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады. Барлық өзгерістер Қатысушыларға техникалық жиналыста және/немесе турнир залында орналасқан флипчарттардағы хабарландырулар арқылы жеткізілуі тиіс.
- 7.2. Кестедегі өзгерістермен уақытылы танысу жауапкершілігі спортшының өзіне жүктеледі.

8. Марапаттау

- 8.1. Классикалық шахмат бойынша 8, 10, 12, 14, 16, 18 жас санаттарында Қазақстан Республикасының чемпиондары 2026 жылғы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы классикалық шахмат бойынша әлем чемпионатына тиісті санаттарда ресми ойыншы ретінде қатысу құқығына ие болады.
- 8.2. Классикалық шахмат бойынша 8, 10, 12, 14, 16, 18 жас санаттарындағы Чемпионаттың күміс жүлдегерлері 2026 жылғы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы классикалық шахмат бойынша Азия чемпионатына тиісті санаттарда ресми ойыншы ретінде қатысу құқығына ие болады.
- 8.3. 2025 жылғы классикалық шахмат бойынша әлем және Азия чемпионаттарының жүлдегерлері, 2026 жылғы тиісті турнирлерге жеке қатысу құқығына ие болғандықтан, іріктелетін орындар үшін бәсекеге қатыспайды. Мысал: 2025 жылғы әлем чемпионатының жүлдегері Чемпионат жеңімпазы атанса, онда 2026 жылғы әлем чемпионатына ресми ойыншы ретінде Чемпионаттың күміс жүлдегері, ал 2026 жылғы Азия чемпионатына ресми ойыншы ретінде қола жүлдегер жіберіледі.
- 8.4. Әлем немесе Азия чемпионатына жолдама алған негізгі ойыншы қатысудан бас тартқан жағдайда, сол құқық Чемпионатта келесі орынды иеленген ойыншыға беріледі.
- 8.5. Жеңімпаздар және жүлдегерлер медальдармен, дипломдармен және ақшалай жүлделермен марапатталады.
- 8.6. Турнирдің ресми жалпы жүлде қоры — **15 120 000 теңге**.
- 8.7. **Жүлделер турнир аяқталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде төленеді.**
- 8.8. Жүлделер бөлінбейді және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық салынады (ҚР азаматтары үшін табыс салығы – 10%). 18 жасқа толмаған қатысушылардың жүлдесі ата-анасының есепшотына аударылады.
- 8.9. Әр жас санатында ресми жүлде қоры 1 000 000 теңгені құрайды.
- 8.10. Жүлде қоры төмендегідей бөлінеді:
Призовой фонд распределяется следующим образом:

Классикалық шахмат турнирі

1 орын	250 000 теңге
2 орын	150 000 теңге
3 орын	100 000 теңге

Жылдам (рапид) турнирі

1 орын	100 000 теңге
--------	---------------

2 орын	80 000 теңге
3 орын	70 000 теңге

Найзағай жылдам (блиц) турнирі

1 орын	100 000 теңге
2 орын	80 000 теңге
3 орын	70 000 теңге

8.11. Қазақстан Республикасының классикалық шахмат бойынша чемпионын (чемпионын) дайындаған Тренер 80 000 теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйлықпен марапатталады. Ақшалай сыйлық ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық салуға жатады (ҚР азаматтары үшін табыс салығы – 10%).

8.11.1. Тренерлерге арналған ақшалай сыйлықтар жалпы жүлде қорынан бөлінеді.

Ескертпе. Тренер бірнеше чемпионы дайындаған жағдайда бірден көп сыйақы алуға рұқсат етіледі.

8.12. Командалық есепте жеңіске жеткен аймақ/қала делегациясына (ең көп алтын медаль алған) Жүлде (Кубок) табысталады. Алтын медаль саны тең болған жағдайда күміс, одан кейін қола медаль саны есепке алынады. Топ-3 делегация кубоктармен, Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысудың естелік сертификаттарымен марапатталады.

9. Қатысушылардың, тренерлердің, еріп жүруші тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

9.1. Қатысушылар ФИДЕ ережелері мен осы Регламентке сәйкес ойнауға міндетті.

9.2. 6 жасқа дейінгі санатты қоспағанда, барлық Қатысушылар партия жазбасын жүргізуге міндетті.

9.3. Төрешінің екі ескертуінен кейін партия жазбасын жүргізбеген Қатысушыға жеңіліс жазылады. Егер турнир барысында бұл жағдай басқа партияда қайталанса, Қатысушы жарыстан шеттетіледі.

9.4. Қатысушылар, тренерлер, алып жүруші тұлғалар Қазақстан Республикасының қоғамдық орындардағы тәртіпке қатысты заңнамаларын сақтауға міндетті.

9.5. Тренерлер мен еріп жүретін тұлғалардың ойын залына кіруі жарыстың бас төрешісінің рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

9.6. Егер Қатысушы жүйелі түрде жарыс тәртібін бұзса, әдейі жанжал туғызса немесе басқа да бұзушылықтарға жол берсе, жарыстан шеттетіледі. Осындай әрекеттерге жол берген тренерлер мен еріп жүретін тұлғалар Чемпионат аумағында болу құқығынан айырылады.

9.7. Чемпионат Қатысушыларының құқықтары:

- Апелляциялық комитетке жүгіну (6.5 т. қараңыз);
- Турнир залында алғашқы медициналық көмек алу.

9.8. Қатысушыларда ФИДЕ ID болмаған жағдайда, ол Чемпионаттан кейін автоматты түрде беріледі.

9.9. ҚР АҚ 145-бабына және ҚР АҚ 15-бабы 8-тармағына сәйкес, спорттық іс-шараларды танымал ету мақсатында РҚБ «Қазақстан шахмат федерациясы» және Ұйымкомитет қызметін жүзеге асыру үшін Қатысушы Ұйымкомитетке өз келісімін береді:

- Ұйымдастыру комитетінің және/немесе үшінші тараптардың Ұйымдастыру комитетін жүзеге асыруы үшін турнирді дайындау мен өткізуге жалпы басшылық жасау, ережелердің сақталуын қамтамасыз ету, төрешілер алқасының жұмысын үйлестіру, қатысушылармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру және жарыс барысында туындайтын ұйымдастырушылық мәселелерді шешу, Ұйымдастыру комитетінің атынан және/немесе мүддесінде әрекет ететін тұлғалар, Қатысушының бейнежазбасын (фотосуретті және/немесе бейнежазбаны), Қатысушының жарысқа қатысу процесін бейнежазбаға түсіруге;

— Ұйымкомитетке Қатысушының аты-жөнін, бейнесін және Қатысушы қатысқан жарыс нәтижесінде алынған аудио-, видео-, фото материалдарды мерзімі мен аумағы шектелмей кез келген тәсілмен жариялауға, таратуға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге құқық береді. Осы келісім Қатысушы тарапынан өтеусіз негізде, мерзімсіз беріледі және Қатысушы кейіннен Ұйымкомитеттен қандай да бір өтемақы талап етуге құқылы емес.

10. Қаржыландыру

10.1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі келесі шығындарды өз мойнына алады:

- Жеңімпаздарды марапаттауға арналған медальдар мен дипломдардың толық жиынтығын қамтамасыз ету;
- Төрешілер алқасының жұмысын төлеу.

10.2. Қазақстан шахмат федерациясы келесі шығындарды өз мойнына алады:

- 15 120 000 теңге мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;
- Төрешілер алқасының жұмысының бір бөлігін төлеу;
- Ойын залын қамтамасыз ету, баспа өнімдері, залды безендіру және техникалық жабдықтау.

10.3. Спортшылардың жол жүру, орналастыру және тамақтану шығындарын жіберуші ұйымдар көтереді

11. Античитерлік шаралар

11.1. Чемпионатта Античитерлік комиссия жұмыс істейді. Античитерлік комиссияның шешімі бойынша ойында сыбырсөз қолданған (читерлік жасаған) Қатысушы турнирден шеттетілуі мүмкін. Комиссия шешімі түпкілікті.

11.2. Ойын кезінде Қатысушыларға турнир (ойын) залында кез келген электрондық құрылғыны өзімен бірге ұстауға тыйым салынады.

11.3. Қазақстан шахмат федерациясы өткізетін турнирлерден әділ ойын ережесін бұзған ойыншыны кейінгі дисквалификациялау мәселесі Қазақстан шахмат федерациясының Этика комиссиясында қаралады.

12. Ұйымкомитет осы жарысты өткізу туралы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзінде қалдырады.

Бас төреші	ТБК шешімі бойынша
Турнир хатшысы	Габдушев Арман Амангельдыевич
Байланыс	tournaments@kazchess.kz